



## 2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы жүк айналымы және жолаушылар айналымы

	Жүк айналымы	Жолаушылар айналымы	пайызбен
<b>Қазақстан Республикасы</b>	113,6		107,4
Абай	136,5		115,2
Ақмола	101,7		54,7
Ақтөбе	112,5		105,2
Алматы	109,0		145,2
Атырау	145,1		89,5
Батыс Қазақстан	109,2		103,9
Жамбыл	92,4		89,5
Жетісу	149,8		104,8
Қарағанды	108,5		114,3
Қостанай	110,8		63,8
Қызылорда	108,1		113,9
Маңғыстау	129,0		104,4
Павлодар	110,8		104,7
Солтүстік Қазақстан	103,9		69,3
Түркістан	129,3		118,0
Ұлытау	103,4		88,4
Шығыс Қазақстан	92,0		107,1
Астана қаласы	121,7		97,3
Алматы қаласы	100,0		124,8
Шымкент қаласы	69,5		132,4

### Теміржол көлігі

2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда республика темір жол көлігімен 466,7 млн. тонна жүк тасымалданды, бұл 2024 жылғы қаңтар-желтоқсан деңгейінен 6,8%-ға ұлғайды, осы кезеңде жүк айналымы 361,3 млрд. т-км құрады (2024 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 10,2%-ға өсті), 19,4 млн. жолаушы тасымалданды (2024 жылғы қаңтар-желтоқсанға қарағанда 6,7%-ға кем), жолаушылар айналымы 15,8 млрд. ж-км құрады (2024 жылғы қаңтар-желтоқсанға қарағанда 2,5%-ға кеміді).

### Автомобиль және қалалық электр көлігі

2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда автомобиль көлігімен жүк тасымалдау 2,8%-ға өсті және автомобиль көлігінің жүк айналымы 32,8%-ға ұлғайғаны байқалады. Бұл ретте жолаушыларды тасымалдау және жолаушылар айналымы тиісінше 12,8% және 12,7%-ға ұлғайды.

### Құбыр көлігі

2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда 339,9 млн. тонна жүк тасымалданды (2024 жылғы қаңтар-желтоқсанға қарағанда 15%-ға артық), жүк айналымы 173,6 млрд.т-км құрады (2024 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 16,5%-ға өсті).

### Әуе көлігі

2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда республиканың әуе көлігімен 15,4 млн. жолаушы тасымалданды (2024 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 4,8%-ға өсті), жолаушылар айналымы 30 млрд. ж-км құрады (2024 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 6%-ға ұлғайды).

### Ішкі су көлігі

2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда ішкі су көлігімен 197,7 мың тонна жүк тасымалданды (2024 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 43,5%-ға азайды), 253 мың жолаушы тасымалданды (2024 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 9,5%-ға өсті).

### Теңіз және жағалау көлігі

2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда теңіз көлігімен 4 002,2 мың тонна жүк тасымалданды, 2024 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 42% ұлғайғаны байқалады, жүк айналымы 1 860,2 млн. т-км құрады және 2024 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 17,6% өсті.

## Электрондық кестелер

[Қазақстан Республикасындағы көлік жұмысының негізгі көрсеткіштері](#)

## 2. Көлік динамикасы

**Динамикалық кестелер:**

[Қазақстан Республикасындағы кезең мен айдағы көлік жұмысының негізгі көрсеткіштері](#)

[Көлік және қоймалау саласы бойынша өнімнің жалпы шығарылымы](#)

## 3. Глоссарий

Тасымалданған жүктер-көлікпен тасымалданған тоннадағы жүктер саны.

Көліктің жүк айналымы-жүктерді тасымалдау бойынша көлік жұмыстарының көлемі, тонна-километрмен тұлғаланады. Тасымалданатын жүктің әрбір партиясының (жөнелтудің) салмағын оны тасымалдау арақашықтығына көбейтудің жиынтықталуы арқылы анықталады.

Жолаушылар тасымалдау– белгілі бір уақыт кезеңінде тасымалданған жолаушылар саны. Көлік, қатынас түрлері бойынша ескеріледі. Жолаушыларды тасымалдау статистикасындағы байқау бірлігі жолаушы-сапары болып саналады.

Көліктің жолаушылар айналымы-жолаушыларды тасымалдау бойынша жұмыс көлемі. Өлшем бірлігі- жолаушы-километр, яғни 1 жолаушының 1 километр қашықтыққа орын ауыстыру болып табылады. Әр тасымалдаудың жолаушылар санының туындыларын километрмен тасымалдау қашықтығына қосу арқылы анықталады.

Нақты көлем индексі-есепті кезеңдегі жүк және жолаушылар тасымалының сандық көлемдерінің базиспен салыстырғанда өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш және жүктер мен жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кірістердің орташа өлшенген өсу қарқыны негізінде есептеледі.

## 4. Әдіснамалық түсініктемелер

Шығарылымда 1-көлік айлық нысаны бойынша есеп берген, негізгі қызмет түрі – көлік (ЭҚЖС-ның коды – 49-51) болып табылатын кәсіпорындардың жұмысы, жолаушыларды және жүктерді коммерциялық негізде тасымалдауды жүзеге асыратын экономиканың басқа да салаларындағы кәсіпорындар көрсетілген, сондай-ақ коммерциялық негізде автомобиль көлігінде жүктерді және жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын, тоқсандық нысандар бойынша есеп берген дара кәсіпкерлер: 1-ЖК (автожүк), 1-ЖК (автожолаушылар).

## 5. Пайдалы сілтемелер

[Көлік статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме](#)

[«Көлік жұмысы туралы есеп» 1-көлік нысаны](#)

[Көлік жұмысының негізгі көрсеткіштері, Сапа бойынша есеп, 2018жылғы](#)

[Көлік қызметінің көрсеткіштері, «Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі](#)

<b>Шығаруға жауапты:</b> Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті	<b>Департамент директоры.:</b> Г. Айгозина Тел. +7 7172749077	<b>Орындаушы:</b> Ш. Шукербаева Тел. +7 7172 749771 E-mail: sh.shukerbaeva@aspire.gov.kz	<b>Мекенжай:</b> 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
--------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------